

## "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 478-II Заңы

**1-бап.** "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

### "1-бап. Әскери қызметшілер және әскери қызмет

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, ұлттық қауіпсіздік органдарында, Республикалық ұланында, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерінде, әскери-тергеу органдары мен әскери полициясында, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдерінде және әскери прокуратура органдарында (бұдан әрі - Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) мемлекеттік әскери қызмет атқаратын адамдар әскери қызметшілер болып табылады.

Оларға офицерлер, прaporщиктер мен мичмандар, келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуші адамдар, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары, мерзімді қызметтегі старшиналар, сержанттар, солдаттар мен матростар жатады.

Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мемлекеттің қорғауында болады. Олар әскери жарғыларға сәйкес өздеріне бастық болып табылатын адамдарға ғана бағынады және олардың қызметтік ісіне араласуға басқа ешкімнің

құқығы жоқ .

Әскери қызметшілер әскери қызметті іс жүзінде орындаудың барлық жағдайында: үрыс қимылдарына қатысу, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау, әскери кезекшілікте (жауынгерлік қызметте) жүргенде, жаттығуларда, жиындарда, қызмет бабындағы іссапарларда жүру кезінде, қызметтің атқаратын жерге бара жатқанда және кейін қайтқан кезде, әскери бөлімде, кемеде, объектіде, мекемеде, кәсіпорында, әскери (арнаулы) оқу орнында (бұдан әрі - әскери бөлім) болған кезде, регламентпен белгіленген қызмет уақытының ішінде немесе егер бұл қызмет қажеттілігінен туындаса, басқа жерде және басқа уақытта, ал мерзімді

қызмет әскери қызметшілері әскери қызметтен өтудің бүкіл уақытында әскери қызмет міндеттерін атқару шы болады.

Әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген, олардың жеке басы мен азаматтығын күеландыратын құжаттар, сондай-ақ әскери қызметшілердің жеке басы мен құқықтық жағдайын күеландыратын құжаттар беріледі.

"

## 2 . 3 - б а п т а :

1) бірінші бөліктегі "ұлттық қауіпсіздік органдарында, Республикалық ұланда әскери қызметтен өтуші адамдар, сондай-ақ әскери құрылышылар" деген сөздер "басқа да әскерлер мен әскери құрамаларда әскери қызметтен өтуші адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

## 2 ) төртінші бөліктө :

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Біріккен Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызметтен өтуші Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталып, "босатылған" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы азаматтарының" деген сөздермен толықтырылсын;

"ТМД" деген сөз "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД)" деген сөздермен ауыстырылсын.

## 3 . 4 - б а п т а :

1) екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық әскери қызметшілер атқаратын қызметі мен әскери атағына қарамастан заң алдында тең. Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттеріндегі, әскери қызметтен өту шарттарындағы, материалдық жағынан қамтамасыз етілуіндегі айырмашылықтар Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.";

2) үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды іске асыру, олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың басшылығына және өзге де мемлекеттік органдарға жүктеледі.";

3) алтыншы бөлік алып тасталсын.

## 4 . 8 - б а п т а :

1) жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа), педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтерден басқа, кәсіпкерлік не басқа да ақылы қызметпен айналысуға құқығы жоқ.";

2) мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының кез келген ақылы қызметпен айналысуға құқығы жоқ."

## 5 . 9 - б а п т а :

1) бірінші бөліктегі "Офицерлердің, прaporщиктердің, мичмандардың, әскери қызметші әйелдердің, шарт бойынша әскери қызметтен өтуші әскери қызметшілердің" деген сөздер "әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) екінші бөлік алып тасталсын;

3) үшінші бөліктегі "Офицерлерге, прaporщиктерге, мичмандарға, әскери қызметші әйелдерге, шарт бойынша әскери қызметтен өтуші әскери қызметшілерге" деген сөздер "әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 ) төртінші бөліктө:

"Корғаныс министрі, әскери қызметшілер әскери қызмет атқаратын басқа да министрліктердің басшылары" деген сөздер "құрылымында әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың басшылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) бесінші бөліктегі "Офицерлерге, прaporщиктерге, мичмандарға, әскери қызметші әйелдерге және шарт бойынша әскери қызметтен өтуші әскери қызметшілерге" деген сөздер "әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) сегізінші бөліктің үшінші абзацындағы "қолданылып жүрген заң актілеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7) оныншы бөліктө "әскери-оқу" деген сөздер "әскери (арнаулы) оқу" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 ) он бірінші бөліктө:

"азаматтық" деген сөз алып тасталсын;

"занмен" деген сөз "Қазақстан Республикасының зандарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

## 6 . 10 - б а п т а :

1) бесінші бөліктегі "екі айлықлауазымдық айлықақысы" және "лауазымдық жалақысының жартысы" деген сөздер тиісінше "екі айлық ақшалай үлес" және "айлық ақшалай үлесінің жартысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) жетінші бөліктегі "оқу орындарының курсанттарының" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ ұшқыштар, ұшулады дайындау жөніндегі инженерлік құрамның әскери қызметшілерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарына демалысқа кеткен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген

нормалар бойынша азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтемақы төленеді.";

4) сегізінші бөлік "жүзеге асыратын әскери қызметшілер" деген сөздерден кейін "әскери кемелерде (катерлерде), әскери-қосымша кемелерде теңізде қызмет атқаратын, олардың база орындарында дауылға қарсы дайындық барысы кезінде іс-шараларды жүзеге асыратын, маяктарда вахтада тұратын әскери қызметшілер," деген сөздермен толықтырылсын;

5) тоғызыншы бөліктегі "Шекаралық заставаларда, шалғайдағы аудандарда орналасқан оқшауланған жабық гарнизондарда" деген сөздер "Шалғайдағы аудандарда орналасқан жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда" деген сөздермен ауыстырылсын.

7 . 1 1 - б а п т а :

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**"11-бап. Меншік құқығы";**

2) төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктер алып тасталсын.

8. 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**"12-бап. Тұрғын үй алу құқығы**

Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мен олардың отбасы мүшелері мемлекет есебінен тұрғын жайлармен (пәтерлермен) қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мен олардың отбасы мүшелеріне тұрғын жаймен (пәтермен) қамтамасыз етілгенге дейін уақытша тұру үшін қызметтік тұрғын үйлерге теңестірілген тұрғын үйлер, қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақханаларда тұрғын жайлар міндettі тұрде беріледі.

Әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жасы бойынша әскери қызметтен босатылғанға дейін үш жыл бұрын не денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен босатылатын жылы әскери қолбасшылықтың ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы органдар олардың таңдаған тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу кезектілігінің тізімінен енгізеді.

Шетелге және климат жағдайы ауыр жерлерге әскери қызметтен өту үшін жіберілген әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) өздері тұратын тұрғын жайлары олардың шетелде және аталған жерлерде болған бүкіл уақытына сакталады.

Қызмет бойынша ауысқан кезде тұратын тұрғын жайы сакталатын әскери қызметшілерге жаңа қызмет орны бойынша қызметтік тұрғын үйлер беріледі.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жабық және оқшауланған әскери

қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылуды қоспағанда, коммуналдық қызмет көрсету шығындарын төлеу үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген мөлшерде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен ақшала

т е м а қ ы

т о л е н е д і .

Жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы тұрғын үйлерді ұстай мен орталықтандырылған жылуды беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тізбелер бойынша мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлерінен тұрғын жаймен қамтамасыз етілген әскери қызметшілер, жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда орналасқан тұрғын жайларды қоспағанда, әскери қызметтен босатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оны меншігіне алуға құқылы. Әскери қызметтен босатылған және күнтізбелік есеппен 20 және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар әскери қызметшілер тұратын тұрғын жайын өтеусіз меншігіне алуға құқылы.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери (арнаулы) оку орындарының курсанттарын тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша тұрғын жай (пәтер) алуға кезектілік тізімінен шығаруға болмайды және олардың әскери қызметке шақырылғанға немесе әскери (арнаулы) оку орнына түскенге дейін тұрған тұрғын жайы сақталады.

Тұрғын жай сатып алу үшін немесе жеке тұрғын үй салу үшін кредит алған әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оку орындарының курсанттарынан басқа) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен кредит сомасы өтеледі.

Асыраушысынан айрылған әскери қызметшілердің отбасыларын, оларға тұрмысқа жайлы тұрғын жайды өтеусіз бермейінше өздері тұратын тұрғын жайдан шығаруға болмайды".

## 9 . 1 3 - б а п т а :

1) екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілердің әскери-медициналық бөлімшелерде, бөлімдер мен мекемелерде (бұдан әрі әскери-медициналық мекемелер) медициналық тегін қамтамасыз етілуге құқығы бар. Әскери қызметшілердің қызмет ететін немесе тұратын жерінде әскери-медициналық мекемелер жоқ болса, не оларда тиісті бөлімшелер не медициналық көрсеткіштер бойынша арнаулы жабдықтар жоқ болса, ведомствоның бағыныстырығына қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке медициналық ұйымдарда және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдар арқылы тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде медициналық көмек көрсетіледі .

Жеке денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен

айналысатын адамдардың әскери қызметшілерге тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде медициналық көмек көрсетуі бойынша шығындары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен өтеді . " ;

2 )        ү ш і н ш і        б ө л і к т е :

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының әскери қызметшілер әскерлерінде әскери қызметтен өтетін министрліктері мен ведомстволары" деген сөздер "әскери қызметшілер құрылымында әскери қызметтен өтетін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар" деген сөздермен аудастырылсын;

"әскери қызметшілер" деген сөздер "олар" деген сөзben ауыстырылсын;

3) тәртінші бөліктегі үшінші сөйлем алып тасталсын;

4) бесінші, алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қалашықтарда, шекара заставалары мен комендатураларда орналасқан әскери қызметшілерді санитарлық-эпидемиологиялық жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақаттанған, контузия алған, закымданған, мертіккен немесе ауруға шалдықкан әскери қызметшілер өздері құрылымында әскери қызметтен өткен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың қаражаты есебінен санаторийлерге жіберіледі.";

5) жетінші бөліктегі ", алтыншы" деген сөз алып тасталсын;

6) тоғызыншы бөліктегі "әскери-оку" деген сөздер "әскери (арнаулы) оқу" деген сөздермен ауыстырылсын.

1 0 .        1 4 - б а п т а :

1 )        ү ш і н ш і        б ө л і к т е :

"немесе әскери міндетті" деген сөздер алып тасталсын;

"(жиын)", "(жиыннан)" деген сөздер алып тасталсын;

2) тәртінші бөлікте "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, әскери міндеттілер әскерінде әскери қызметтен өткен (жиында болған) басқа да Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының" деген сөздер "әскери қызметшілер, әскери қызметке шақырылған әскери қызметке міндеттілер әскери қызметтен өткен (жиында болған) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың" деген сөздермен аудастырылсын;

3 )        алтыншы        б ө л і к т е :

"(әскери міндеттінің)" деген сөздер алып тасталсын;

"(жиыннан өту)", "(жиыннан өтуге)" деген сөздер алып тасталсын;

"(жиын аяқталғаннан)" деген сөздер алып тасталсын;

4 )        жетінші        б ө л і к т е :

"Жиынға шақырылған", ", әскери міндettілер" деген сөздер алып тасталсын; "(әскери жиында)" деген сөздер алып тасталсын;

5 )      тоғызынышы      бөлікте :

"әскери-оку" деген сөздер "әскери (арнайы) оку" деген сөздермен ауыстырылып, "(тыңдаушыларына)" деген сөз алып тасталсын;

"курсанттарына" деген сөзден кейін ", әскери жиынға шақырылған әскери міндettіге" деген сөздермен толықтырылсын.

11. 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**"15-бап. Білім алу құқығы**

Әскери қызметшілердің әскери (арнаулы) оку орындарында окуға құқығы бар.

Әскери (арнаулы) оку орындарын бітірген әскери қызметшілер қайта даярлау және біліктілікті арттыру курсарында оқи алады.

Әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оку орындарының курсанттарынан басқа) өздері құрылымында әскери қызметтен өтетін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар басшыларының келісімімен Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес сессияларды және қорытынды емтихандарды тапсыру үшін демалыс беріліп, орта кәсіби, жоғары кәсіби, жоғары оку орнынан кейінгі кәсіби және қосымша кәсіби білім беру үйимдарында оқудың кешкі немесе сырттай түрінде окуға рұқсат етіледі.

Оку кезеңінде әскери қызметке шақырылған адамдардың әскери қызметтен босағаннан кейін өздері шақырылғанға дейін оқыған оку орнындағы окуын жалғастыруға құқығы бар.".

1 2 .                  1 6 - б а п т а :

1) бірінші бөліктегі "Офицерлердің, прaporщиктердің, мичмандардың, әскери қызметші эйелдердің және шарт бойынша қызметін өтеуші адамдардың" деген сөздер "әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оку орындарының курсанттарынан басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) екінші бөліктегі "ТМД-ға кіретін мемлекеттер аумағында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 )      үшінші      бөлікте :

"Қорғаныс министрлігінің, әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын басқа да министрліктер мен үйимдардың" деген сөздер "құрылымында әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) бесінші бөлік алып тасталсын;

5) алтыншы бөлік "Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге" деген сөздерден кейін ", әскери (арнаулы) оку орындарының бірінші және екінші курсарының курсанттарына" деген сөздермен толықтырылсын;

6) жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары:

стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, әуе, су және автомобиль көліктерінде;

әскери қызметтен босағанда, сондай-ақ демалысқа барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, су және автомобиль көліктерінде тегін жүргүгінде құқылы".

### 13 . 17 - бапта :

#### 1 ) үшінші бөліктө :

"Офицерлерді, прaporщиктерді, мичмандарды, әскери қызметші әйелдерді, шарт бойынша қызметтен өтуші әскери қызметшілерді" деген сөздер "Әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа)" деген сөздермен аудыстырылсын;

"Қорғаныс министрлігі және басқа министрліктер мен ведомстволар есебінен толық көлемінде өтеліп, келтірілген зиян кейіннен кінәлі адамдардан ұсталуға тиіс" деген сөздер "Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың есебінен толық көлемінде өтелуге тиіс" деген сөздермен аудыстырылсын;

2) жетінші бөлік алып тасталсын;

3) сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мерзімді әскери қызметті өткерген адамдардың өздері шақырылған нақ сол кәсіпорынға жұмысқа қабылдану кезінде басым құқығы болады.";

4) тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметтен босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру, олардың мамандық алуы, зейнетақы алу құқығының әскери қызметтен босатылған адамдарды жұмыспен қамту Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.".

14. 20-баптың үшінші бөлігінің бесінші абзацындағы "қолдануға құқылы" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"- жануарлардың шабуылданан қорғану үшін қолдануға құқылы.".

15. 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**"21-бап. Әскери қызметшілердің әскери тәртіпті бұзғаны және құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы**

Әскери қызметшілер әскери тәртіпті бұзғаны үшін әскери жарғыларда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Әскери қызметші әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде жасаған қылмысы мен өзге де құқық бұзушылықтары үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік немесе материалдық жауаптылықта болады.".

16. 22-24-баптар алып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң, 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 6-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, 12-тармағының 5) және 6) тармақшаларын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК